

ҚР Әділет министрлігінде 986 нөмірімен тіркелген, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасының "Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасуға конкурс өткізудің ережесін бекіту туралы" 1999 жылғы 24 қарашадағы N А-202 бұйрығына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасының 2003 жылғы 10 сәуірдегі N 02-01-02/44 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 13 мамырда тіркелді. Тіркеу N 2268. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы № 06-7/32 Бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 19.03.2013 № 06-7/32 бұйрығымен (алғашқы ресми жариялау күнінен бастап, бірақ 2013 жылдың 26 наурызынан ерте емес қолданысқа енгізіледі).

"Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2003 жылғы 11 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңын орындау үшін бұйырамын:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасының "Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасуға конкурс өткізудің ережесін бекіту туралы" 1999 жылғы 24 қарашадағы N А-202 бұйрығына (ҚР Әділет министрлігінде 986 нөмірімен тіркелген, 18.01.00 ж. N 02-1-7/3 , 25.02.00 ж. N 02-1-7/16 , 16.06.00 ж. N 02-1-7/60 , 03.11.00 ж. N 02-1-7/154 , 06.06.01 ж. N 02-2-4/98 енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен, 2001 жылғы 23 шілдедегі "Казахстанская правда" газетінде жарияланған) (бұдан әрі - Бұйрық) мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасуға конкурс өткізудің ережесінде:

мынадай мазмұндағы 5-1-тармақпен толықтырылсын:

"5-1. Мемлекеттік орган қайта ұйымдастырылған немесе таратылған жағдайда, жарияланған конкурс оның өткізудің кез келген кезеңінде ол туралы міндетті түрде бұқаралық ақпарат құралдарына жарияланып тоқтатылуға тиіс.";

8-11-тармақтар алынып тасталсын;

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Орталық мемлекеттік органдар мен олардың аумақтық бөлімшелерінде

және ведомстволарда конкурс өткізу кезінде хабарландырулар Қазақстан Республикасының бүкіл аумағына таралатын мерзімді баспасөз басылымдарында жарияланады. Жергілікті мемлекеттік органдарда конкурс өткізу туралы хабарландырулар тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағына таралатын мерзімді баспасөз басылымдарында жарияланады.";

18 - т а р м а қ т а :

2) тармақша алынып тасталсын;

5) тармақшадағы "күннен кем болмауы керек" деген сөздер "күн" деген сөзбен ауыстырылсын;

19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"19. Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасуға конкурстар туралы мәліметтер уәкілетті органның ресми WEB-сайтында орналастырылады.";

23-тармақта "бөлімшелерінің басшылары" деген сөз "бөлімшенің басшысына" деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 23-1-тармақпен толықтырылсын:

"23-1. Конкурстық комиссияның құрамына тиісті бос лауазымға орналасу конкурсына қатысушы кіре алмайды."

мынадай мазмұндағы 35-1-тармақпен толықтырылсын:

"35-1. Тестілеуге қатысуға жіберілген үміткерлер оны құжаттарды қабылдау мерзімі аяқталғаннан кейінгі бес жұмыс күнінің ішінде уәкілетті орган белгілеген тәртіппен өтеді.";

мынадай мазмұндағы 36-1-тармақпен толықтырылсын:

"36-1. Үміткердің белгілі бір күрделілік бағдарламасы бойынша (нормативтік құқықтық актілердің саны мен шекаралық мәнінің деңгейі бойынша) тестілеудің оң нәтижелері соңғы тестілеу бағдарламалары бірдей немесе күрделілік деңгейі төмен болған жағдайда басқа санатты бос лауазымдарға орналасу конкурсына қатысуға жарамды болып табылады.";

39-тармақта "нәтижелерін" деген сөзден кейін "тестілеуден өткен үміткерлерге және" деген сөздермен толықтырылсын;

40-тармақта "Тестілеуден өткен үміткерлерге тестілеудің нәтижелері туралы конкурстық комиссия хабарлайды." деген сөздер алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 41-1-тармақпен толықтырылсын:

"41-1. Әңгімелесуге жіберілген үміткерлер оны тестілеуден өткеннен кейінгі үш жұмыс күнінің ішінде конкурс жариялаған мемлекеттік органдарда өтеді."

44-тармақта "екі" деген сөзден кейін "жұмыс" деген сөзбен толықтырылсын.

2. Осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді.

Төраға

